

Паспорт образовательной программы

Дата регистрации в Реестре

2022.08.09 10:17

Регистрационный номер

20421

Дата обновления паспорта ОП:

2022.08.09 10:18

Код и наименование специальности:

07320100 Фимараттар мен құрылыстарды салу және пайдалану

Код и наименование квалификации/квалификаций:

4S07320106 Техник- құрылысшы

Регион:

Алматы қ.

Организация ТиППО (Разработчик):

ЖШС «Алматы құрылыс және менеджмент колледжі»

Партнеры-разработчики:

" Қазақстан құрылысшылар қауымдастығы"

Цель ОП:

Білім беру бағдарламасының мақсаты құрылыс саласында кәсіби құзыреттілікке, фимараттар мен құрылыстарды жобалау, салу, ұйымдастыру және басқару, реконструкциялау және жөндеу саласында инновациялық технологияларға ие, шешімдер қабылдауда тапқыр, оның ішінде кәсіби қызметте бастамашыл, құрылыс саласында өзгеретін талаптарға бейімді, командада жұмыс істей алатын маман даярлау болып табылады.

Уровень по НРК:

4

Уровень по ОРК:

4

Профессиональный стандарт (при наличии):

« Тұрғын және тұрғын емес ғимараттар құрылысы», Қазақстан Республикасы «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Басқарма Төрағасы орынбасарының 2018 жылғы 19 желтоқсандағы № 344 бұйрығына №4 қосымша, «Құрылыс жобаларын әзірлеу» Қазақстан Республикасы «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы «Атамекен» басқарма төрағасының орынбасарының 2019 жылғы 26 желтоқсандағы № 262 бұйрығына №2 қосымша.

Профессиональный стандарт WorldSkills (при наличии):

« Құрылыс өндірісін ұйымдастыру»

Форма обучения:

күндізгі

База образования:

негізгі орта білім

Язык обучения:

мемлекеттік

Общий объем кредитов:

180

Дата рассмотрения ОП на методическом (учебно-методическом/научно-методическом) совете организации образования об одобрении паспорта ОП (выписка из протокола заседания) с согласованием работодателя и/или индустриального совета:

12.03.2022 ж.

Номер лицензии на занятие образовательной деятельностью:

№ 0059595

Номер приложения к лицензии на занятие образовательной деятельностью:

№001

Дата прохождения специализированной аккредитации по данной специальности (при наличии):

28.02.2020 ж.

Отличительные особенности ОП:

-

Сведения о содержании модулей/дисциплин:

Результаты			
Наименование		обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
№	модуля/дисциплины		
	ЖБП 1. Қазақ тілі	Қазақ тілін ана тілі ретінде тани отырып, өмірлік қажеттіліктерінде коммуникативтік әрекеттер түрінде (тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым) сауаттылықпен қолдану, күнделікті өзі еркін қолданып жүрген қарым - қатынас құралынан оны тілдік заңдылықтар негізінде танып - білу дағдыларын қалыптастырады. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Қазіргі қоғам құндылықтары: мәдениет және өркениет. Сөз мәдениеті», «Индустрияландыру: ұлттық өндіріс. Сөз мәдениеті», «Адамзат дамуының жаһандық мәселелері»,	3/72

		Результаты обучения/Краткое описание дисциплины		Объем кредитов/часов
№	Наименование модуля/дисциплины			
		«Адам өмірін сақтау. Тілдік жүйе және норма», «Сәулет өнері», «Қазақстан бүгінгі әлемде: Қазақстанның өткені мен келешегі», «Экология: ядролық және мұнай өндірістері», «Қазіргі қоғам: миграция және зияткерлік миграция», «Әлемді өзгерткен өнертабыстар», «Туризм: экотуризм»		
	ЖБП 2. Орыс тілі мен әдебиеті	Орыс тілі мен әдебиетін кіріктірілген оқыту негізінде тілдік дағдыларды жетілдіруге ықпал етеді, коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырады және дамытады, ғылыми-техникалық, көркем-эстетикалық, әлеуметтік салалардағы ақпаратты пайдалануға мүмкіндік береді, жалпы әлемдік білім беру кеңістігінде бағдарлануға көмектеседі. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Туризм: Экотуризм», «Человек и Родина», «Наука и этика», «Планета. Земля. Океаны», «Литература и искусство», «Тема социального неравенства в СМИ и литературе», «Торговля и помощь. Справедливая торговля», «Значение труда в жизни человека и общества», «Показатель развития общества: экология, биоресурсы», «Свободное время как показатель развития общества», «Человек и история», «Энергия будущего. Энергия слова», «Мир и безопасность», «Театр и кино в современном мире», «Высшая ценность – права человека», «Современное общество:		4/96

		Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
№	Наименование модуля/дисциплины		
		миграция».	
	ЖБП 3. Қазақ әдебиеті	Креативті ойлауға бағыттау, ойларын ауызша еркін жеткізуіне және жаза білуіне қолдау көрсету, дәлелдер келтіру, салыстыру және анализ жасау, бағалау дағдыларын қалыптастыру. Білім алушылар әдеби жанрларға эксперимент жасау арқылы драмалық шығарманы проза тілімен, прозаны поэзия тілімен жазу тәсілдерін меңгере алады. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Қалың елім, қазағым», «Қазақтың Қанышы», «Парасат пайымы», «Тарих тағылымы», «Кеңістік пен уақыт», «Зобалаң заман шындығы», «Ғасырлық туынды», «Табиғат және адам»	3/72
	ЖБП 4. Шетел тілі	Білім берудің алдыңғы сатысында қол жеткізілген шет тілін меңгерудің бастапқы деңгейін арттырады, студенттердің тұрмыстық, мәдени, кәсіби және ғылыми қызметтің әртүрлі салаларындағы әлеуметтік-коммуникативтік міндеттерді шешу үшін қажетті және жеткілікті коммуникативтік құзыреттілік деңгейін меңгеруіне ықпал етеді. Пәнінің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: « Legend or Truth», «Natural Disasters», «Virtual reality», «Organic and non-organic worlds», «Reading for pleasure», «Capabilities of human brain», «Breakthrough technologies», «Space X», «Making connections in biology», «Investigate and report on animal world bats eagles bees and dolphins», «Human brain», Investigate and report on timekeeping devices/Science video», «Work and inventions», «STEM»,	4/96

Результаты			
Наименование		обучения/Краткое описание	Объем
№ модуля/дисциплины	дисциплины		кредитов/часов
		«Reading for Pleasure», «Independent project», «The clothes of chemistry».	
	ЖБП 5. Қазақстан тарихы	Қазақстанның түрлі тарихи кезеңдердегі этникалық, саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуының негізгі мәселелерін ұғынуына, оның әлемдік тарихи үдерістегі орны мен рөлін айқындауына; тарихи санасы, азаматтылығы мен патриотизмі бар тұлғаны қалыптастыруға ықпал етеді. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Өркениет: даму ерекшеліктері», «Этникалық және әлеуметтік процестер», Мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан», «. Мәдениеттің дамуы», «Өркениет: экономикалық даму ерекшеліктері», «Саяси-құқықтық процестер», «Қоғамдық-саяси ойдың дамуы», «Білім мен ғылымның дамуы».	4/96
	ЖБП 6. Өзін-өзі тану	Жеке тұлғаның адамгершілік негіздерін қалыптастыруға, оның рухани жетілуіне және өзін-өзі жүзеге асыруына, үйлесімді дамуына ықпал етеді, өзін және басқа адамдарды қабылдауға және түсінуге ықпал етеді, ашықтықтың, әлеуметтік жауапкершіліктің, шығармашылық белсенділіктің және өмірді жағымды қабылдаудың дамуына ықпал етеді. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Таным жолында», «Тұлғаның қалыптасуы», «Қоғамдағы өмір», «Адамзат әлемі».	2/48
	ЖБП 7. Математика	Байланысты пәндерді	8/192

Результаты		
Наименование	обучения/Краткое описание	Объем
№ модуля/дисциплины	дисциплины	кредитов/часов
	оқу, практикалық іс-әрекетте қолдану үшін қажетті математикалық білімді қалыптастырады. Пән келесі бөлімдерден тұрады: «Функция, оның қасиеттері мен графигі», «Тригонометриялық функциялар», «Көпмүшелер», «Математикалық статистика және ықтималдық теориясы», «Дәрежелер мен түбір. Дәрежелік функция», «Көрсеткіштік және логарифмдік функциялар», «Функция шегі және үзділіссіздігі», «Туынды және оны қолданылуы», «Алғашқы функция және интеграл», «Комплекс сандар», «Дифференциалдық теңдеулер», «Стереометрия аксиомалары. Кеңістіктегі параллельдік және перпендикулярлық», «Кеңістіктегі тікбұрышты координаталар жүйесі және векторлар», «Көпжақтар», «Айналу денелері және олардың элементтері», «Денелер көлемдері».	
ЖБП 8. Информатика	Аппараттық және бағдарламалық қамтамасыз ету, деректерді ұсыну, ақпараттық процестер мен жүйелер, ақпараттық объектілерді құру және түрлендіру, компьютерлік желілер және ақпараттық қауіпсіздік саласындағы білімді, икемдер мен дағдыларды қалыптастырады. Пән: «Аппараттық және программалық қамтамасыз ету», «Деректерді ұсыну», «Ақпараттық процестер мен жүйелер», «Ақпараттық объектілерді құру және түрлендіру», «Қосымшаларды әзірлеу»,	2/48

		Результаты	
№	Наименование модуля/дисциплины	обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
		«Компьютерлік желілер және ақпараттық қауіпсіздік» сияқты бөлімдерді зерттейді.	
	ЖБП 9. Дене тәрбиесі	Жалпыадамзаттық мәдениет саласында белсенді шығармашылық өзін-өзі жүзеге асыруға дайын тұлғаны қалыптастыруға, оқушылардың дене және психикалық денсаулығын нығайтуға деген ынтасын арттыруға, спорттық-ерекше қимыл дағдыларын алуға және дене қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Оқу пәнінің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Дене шынықтыру туралы білім», «Жеңіл атлетика», «Спорттық ойындар», «Гимнастика», «Ұлттық спорт түрлері», «Қысқы спорт түрлері», «Жүзу».	6/144
	ЖБП 10. Алғашқы әскери және технологиялық дайындық	Мемлекет қорғанысының негіздері, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің тағайындалуы, олардың сипаты мен ерекшеліктері туралы түсініктерді қалыптастырады, әскери қызметке саналы көзқарасты тәрбиелейді, төтенше жағдайларда адамның тіршілік әрекеті қауіпсіздігінің дағдыларын қалыптастырады. Пәнінің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері – мемлекеттік қауіпсіздіктің кепілі», «Әскери қызметтің құқықтық негіздері», «Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құрылымдарының жалпыәскери жарғылары», «Тактикалық дайындық», «Атыс дайындығы»,	4/96

Наименование		Результаты	Объем
№ модуля/дисциплины		обучения/Краткое описание дисциплины	кредитов/часов
		«Саптық дайындық», «Әскери топография», «Әскери роботты техникалардың негіздері», «Өмір қауіпсіздігі және ақпараттық технологиялар негіздері», «Технологиялық дайындық».	
	ЖБП 11. Физика	Ғылыми дүниетанымның негіздерін, әлемнің жаратылыстану бейнесін тұтас қабылдауды, табиғат құбылыстарын байқау, талдау және бекіту қабілетін қалыптастыруға ықпал етеді, әлемнің қазіргі физикалық бейнесінің негізін құрайтын іргелі физикалық заңдар мен принциптер туралы білімді, табиғатты ғылыми тану әдістерін дамытуға ықпал етеді. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Механика», «Жылу физикасы», «Электр және магнетизм», «Электромагниттік тербелістер», «Электромагниттік толқындар», «Оптика», «Салыстырмалы теорияның элементтері», «Кванттық физика», «Нанотехнология және наноматериалдар», «Космология».	6/144
	ЖБП 12. Химия	Заттар мен олардың өзгерістері, заңдар мен теориялар туралы білім жүйесін қалыптастырады, заттар қасиеттерінің олардың құрамы мен құрылымына тәуелділігін түсіндіреді, химиялық процестерді, заңдар мен олардың заңдылықтарын түсінеді. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Заттардың бөлшектері», «Периодтылық.Химиялық реакциялардың жүру заңдылықтары», «Химиялық	6/144

Результаты			
Наименование	обучения/Краткое описание		Объем
№ модуля/дисциплины	дисциплины		кредитов/часов
		реакциялар энергетикасы», «Химия және қоршаған орта», «Химия және өмір».	
ЖБП 13. География		Географиялық кеңістіктің барлық деңгейлерінде туындайтын геоэкологиялық, экономикалық, әлеуметтік, геосаяси және жаһандық проблемаларды шешуге бағытталған білімді, іскерлікті және дағдыларды қалыптастырады. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Географиялық зерттеу әдістері», «Картография және геоинформатика», «Табиғатты пайдалану және геоэкология», «Геоэкономика», «Геосаясат», «Елтану», «Адамзаттың ғаламдық проблемалары».	2/48
ЖБП 14. Дүниежүзі тарихы		Түрлі тарихи кезеңдерде әлем тарихының этникалық, саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуының негізгі мәселелерін ұғыну арқылы тұлғаның тарихи санасын қалыптастырады. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Өркениет: даму ерекшеліктері», «Этникалық және әлеуметтік процестер», «Мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан», «Мәдениеттің дамуы», «Өркениет: даму ерекшеліктері», «Саяси-құқықтық процестер», «Қоғамдық-саяси ойдың дамуы», «Білім мен ғылымның дамуы».	3/72
БМ 1. Дене қасиеттерін дамыту және жетілдіру		ОН 1.1. Денсаулықты нығайту және салауатты өмір салты қағидаттарын сақтау.	4/96
		ОН 1.2. Дене қасиеттері мен психофизиологиялық қабілеттерін жетілдіру.	4/96

Результаты			
Наименование		обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
№	модуля/дисциплины		
	БМ 2. Ақпараттық-коммуникациялық және цифрлық технологияларды қолдану	ОН 2.1. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негіздерін меңгеру.	1/24
		ОН 2.2. Ақпараттық-анықтамалық және интерактивті веб-порталдардың қызметтерін пайдалану.	1/24
	БМ 3. Экономиканың базалық білімін және кәсіпкерлік негіздерін қолдану	ОН 3.1. Экономикалық теория саласындағы негізгі сұрақтарды меңгеру.	0,5/12
		ОН 3.2. Әлемдік экономиканың даму үрдістерін, мемлекеттің "жасыл" экономикаға көшуінің негізгі міндеттерін түсіну.	0,5/12
		ОН 3.3. Меншік нысандары мен түрлерін, жоспарлардың түрлерін, кәсіпорынның негізгі экономикалық көрсеткіштерін айқындау.	1/24
		ОН 3.4. Кәсіпкерлік қызмет негіздерін меңгеру.	1/24
		ОН 3.5. Іскерлік қарым-қатынас этикасы негіздерін меңгеру.	1/24
	БМ 4.Қоғам мен еңбек ұжымында әлеуметтену және бейімделу үшін әлеуметтік ғылымдар негіздерін қолдану	ОН 4.1. Толеранттылық пен белсенді тұлғалық ұстанымды қалыптастыратын моральдық құндылықтар мен нормаларды түсіну.	0,5/12
		ОН 4.2. Қазақстан Республикасы халықтарының мәдениетінің әлемдік өркениеттегі рөлі мен орнын түсіну.	1/24
		ОН 4.3. Анағұрлым жалпы философиялық сұрақтарда бағдарлану.	0,5/12
		ОН 4.4. Құқықтың негізгі салалары туралы мәліметтерді меңгеру.	1/24
		ОН 4.5. Әлеуметтану мен саясаттанудың негізгі түсініктерін	1/24

Результаты			
Наименование	обучения/Краткое описание		Объем
№ модуля/дисциплины	дисциплины		кредитов/часов
		меңгеру.	
КМ 1. Ғимараттар мен имараттарды жобалауға қатысу	ОН 1.1. Ғимараттар мен имараттарды пайдалану мен арнауы шарттарын сәйкес көлемді- жоспарлық және жобалық шешімдерді әзірлеу.		7/168
	ОН 1.2. Құрылыс конструкцияларын құрастыру және есептеуді орындау.		6/144
	ОН 1.3. Ақпараттық технологияны қолдана отырып, сәулет және құрылыс сызбаларын әзірлеу.		4/96
	ОН 1.4. Ғимарат элементтерінің беріктігіне, қаттылығына, орнықтылығына есептеулер жүргізу.		4/96
	ОН 1.5. Ғимараттардың инженерлік желілері мен жабдықтарының схемаларын оқу.		2/48
	ОН 1.6. Электр қондырғыларымен жұмыс істеу үшін қажетті электротехника бойынша негізгі мәліметтерді қолдану.		1/24
	ОН 1.7. Әртүрлі сейсмикалық аймақтардағы елді мекендерді жобалау, жоспарлау және дамытудың нормативтік-құқықтық базасы мен принциптерін білу.		1/24
КМ 2. Құрылыс объектілерін салу, пайдалану және қайта қуру кезінде технологиялық процесстерді орындау	ОН 2.1. Мақсаты бойынша материалдарға қойылатын талаптарды, өндіруге жарамдылығын, физикалық - механикалық қасиеттерін, беріктігін, сенімділігін, бәсекеге қабілеттілігін белгілеу.		4/96
	ОН 2.2. Құрылыс - жинақтау жұмыстары өндірісінде геодезиялық жұмыстарды орындау әдістері мен тәсілдерін меңгеру.		6/144
	ОН 2.3. Нормативтік-техникалық		8/192

Результаты			
Наименование	обучения/Краткое описание		Объем
№ модуля/дисциплины	дисциплины		кредитов/часов
		құжаттаманың, жұмыс сызбаларының және жұмыстарды өндіру жобасының талаптарына сәйкес құрылыс - жинақтау, жөндеу жұмыстарын және құрылыс нысандарын қайта қуру жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу.	
		ОН 2.4. Өнімділікті анықтау және құрылыс жұмыстарына арналған құрылыс машиналары мен шағын механизация құралдарының жиынтығын таңдау.	2/48
		ОН 2.5. Орындалатын жұмыстар мен жұмсалатын материалдардың сапасын бақылау жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру.	1/24
		ОН 2.6. Құрылыс-монтаж, жөндеу жұмыстарын және құрылыс нысандарын қайта құру бойынша жұмыстарды орындау.	24/576
КМ 3. Құрылыс- жинақтау жұмыстарын орындау, ғимараттар мен имараттарды пайдалану және қайта қуру кезінде құрылымдық бөлімшелердің қызметін ұйымдастыру		ОН 3.1. Құрылыс-монтаждау жұмыстарын, оның ішінде әрлеу жұмыстарын, құрылыс объектілерін ағымдағы жөндеу мен реконструкциялауды жүргізу кезінде құрылымдық бөлімшелердің қызметін жедел жоспарлауды жүзеге асыру.	2/48
		ОН 3.2. Құрылыста баға белгілеудің қазіргі әдістемелік және бюджеттік нормативтік базасымен жұмыс істеу.	3/72
		ОН 3.3. Құрылыс жұмыстарын жүргізу учаскесінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстардың тізбесін айқындау.	2/48
		ОН 3.4. Күнтізбелік жоспарды, бюджетті, сапаны, тәуекелдерді және жобаның басқа ресурстары мен бөлімдерін есептеу және	1/24

Результаты			
Наименование № модуля/дисциплины	обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов	
	басқару.		
КМ 4. Құрылыс нысандарын пайдалану және қайта құру кезіндегі жұмыс түрлерін ұйымдастыру	ОН 4.1. Ғимараттардың құрылымдары мен инженерлік жабдықтарын техникалық пайдалану бойынша шараларды жүргізу.	1/24	
	ОН 4.2. Пайдаланылатын ғимараттардың құрылымдық элементтерінің техникалық жай-күйін диагностикалауға, оның ішінде пайдаланылатын ғимараттардың құрылымдық элементтерінің ішкі және сыртқы беттерін әрлеуге қатысу.	1/24	
	ОН 4.3. Ғимараттар мен имараттарды қайта құру кезінде олардың көлімдік- жоспарлық, композициялық және құрылымдық шешімдері туралы түсінігі болу.	2/48	
КМ 5. Құрылыс өндірісін құрылыс және қосалқы материалдармен және жабдықтармен қамтамасыз етуге қажетті ақпаратты жинау және сақтау бойынша іс - шараларды жүргізу	ОН 5.1. Атқарылатын жұмыстарды өндіріс және қабылдауға арналған қолданыстағы нормативтік -техникалық құжаттамамен жұмыс жасай білу.	1/24	
	ОН 5.2. Құрылыс және қосалқы материалдар мен жабдықтарға қажеттіліктің жиынтық сипаттамалары мен кестелерін жасау.	0,5/12	
	ОН 5.3. Жеткізушілерге және (немесе) өндірушілерге байланыстырып құрылыс және қосалқы материалдар мен жабдықтар бойынша деректер базасын қалыптастыру.	0,5/12	
	ОН 5.4. Құрылыс және қосалқы материалдар мен жабдықтарды	0,5/12	

Наименование		Результаты	Объем
№ модуля/дисциплины	обучения/Краткое описание дисциплины		кредитов/часов
		қабылдау және сақтауды жүзеге асыру.	
		ОН 5.5. Өндірістік тапсырмалар көлемінің және жұмыс өндірісінің күнтізбелік жоспарларының еңбек және материалдық-техникалық ресурстарға қойылатын нормативтік талаптарға сәйкестігін бағалауды жүзеге асыру.	0,5/12
	Дипломдық жобалау	-	12/288
	Аралық, қорытынды аттестаттау	-	8/192